

2005 жылдың 1 қаңтарына
Қазақстан Республикасының бағалы қағазар рыногының
ағымдағы жағдайы

2004 жылы бағалы қағаздардың кәсіби қатысушыларының сандық құрамында өзгерістер байқалды.

Сәйкес лицензиялары бар ұйымдардың саны	2004 жылдың 1 қаңтарына	2005 жылдың 1 қаңтарына
Брокерлер–дилерлер барлығы	52	57
оның ішінде:		
банктер	23	24
олардың ішінде I санатты	21	22
банктік емес ұйымдар	29	33
олардың ішінде I санатты	23	27
Тіркеушілер	19	18
Кастодиандар	10	10
ЖЗҚ-ның зейнетақы активтерін инвестициялық басқарушылар	10	10
Инвестициялық портфельді басқарушылар	10	14

Брокерлер–дилерлер.

2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 57 ұйым бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асырады. 2004 жыл бойы бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға 7, оның ішінде номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен – 6 және клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз – 1 лицензия берілді .

(млн. теңге)

Брокерлер–дилерлер бойынша қаржы көрсеткіштері	01.01.04 ж.	01.01.05 ж.	2004 жылдың ішіндегі өзгеруі
Жиынтық активтер, оның ішінде:	1 641 155	2 666 788	62,49
екінші деңгейдегі банктер	1 633 394	2 646 181	62,01
банктік емес ұйымдар	3 041	10 657	250,44
ИПБ	1 654	5 518	233,62
ЗАИБЖАҰ	3 066	4 432	44,55
Міндеттемелер, оның ішінде:	1 466 304	2 394 595	63,31
екінші деңгейдегі банктер	1 464 818	2 387 752	63,01
банктік емес ұйымдар	1 017	4 017	294,99
ИПБ	133	2 767	1980,45
ЗАИБЖАҰ	336	59	-82,44
Меншікті капитал, оның ішінде:	174 851	272 193	55,67

екінші деңгейдегі банктер	168 576	258 429	53,30
банктік емес ұйымдар	2 024	6 640	228,06
ИПБ	1 521	2 751	80,87
ЗАИБЖАҰ	2 730	4 373	60,18
жарғылық капитал, оның ішінде:	88 384	151 315	71,20
екінші деңгейдегі банктер	85 275	143 770	68,60
банктік емес ұйымдар	1 725	3 991	131,36
ИПБ	304	1 354	345,39
ЗАИБЖАҰ	1 080	2 200	103,70

Келтірілген кестеден көрініп отырғандай, брокер-дилерлер бойынша жиынтық активтер 2005 жылғы 1 қаңтарда 2 666 788 млн. теңгені құрады, 2004 жылы 62,49%-ке өсе отырып, жиынтық міндеттемелер - 2 394 595 млн. теңге (63,31%), меншікті капитал - 272 193 млн. теңге (55,67%).

Тіркеушілер

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18 ұйым бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асырды. Тіркеушілер бойынша активтердің өсуі 21 млн. теңгені немесе 1,95%-ті, меншікті капитал – 31 млн. теңгені немесе 2,96%-ті құрады, бұл ретте міндеттемелердің 10 млн. теңгеге немесе 35,7%-ке азаюы байқалады.

(млн. теңге)

Тіркеушілер бойынша қаржы көрсеткіштері	01.01.04 г.	01.01.05 г.	2004 жылдың ішіндегі өзгеруі
Жиынтық активтер	1 076	1 097	1,95
Міндеттемелер	28	18	- 35,7
Меншікті капитал, оның ішінде:	1 048	1 079	2,96
жарғылық капитал	864	834	- 3,47

Инвестициялық портфельді басқарушылар

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 14 ұйым инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асырды. 2004 жылдың ішінде «Money Experts» АҚ, «Сентрас Секьюритиз» АҚ инвестициялық портфельді басқаруға және "Компас" инвестициялық портфельді басқару жөніндегі АҚ-на және «Казкоммерц Инвест» АҚ-на лицензиялар берілді. Есепті күнде инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асырушы 4 ұйым қызметтің осы түрін зейнетақы активтерін инвестициялық басқарумен (ЗАИБЖАҰ) біріктірді және 9 инвестициялық портфельді басқарушы аталған қызметті номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік-дилерлік қызметті бірлесіп істейді.

(млн. теңге)

ИПБ бойынша қаржы көрсеткіштері	01.01.04 ж.	01.01.05 ж.	2004 жылдың ішіндегі өзгеруі
Жиынтық активтер, оның ішінде	3 292	7 521	128,46
ИПБ	1 601	5 606	250,16
ЗАИБЖАҰ	1 691	1 915	13,25
Міндеттемелер, оның ішінде	171	2 812	1544,44
ИПБ	159	2 767	1640,25
ЗАИБЖАҰ	12	45	275,00
Меншікті капитал, оның ішінде	3 121	4 709	50,88
ИПБ	1 442	2 839	96,88
ЗАИБЖАҰ	1 679	1870	11,38

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша инвестициялық портфельді басқарушылардың жиынтық баланс құны 2004 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 4 229 млн. теңгеге немесе 128,46%-ке өсе отырып, 7 521 млн. теңге болды. Міндеттемелер мен меншікті капиталдың өсуі - 2 641 млн. теңгені (1 544,44%) және тиісінше 1588 млн. теңгені (50,88%) құрады.

Кастодиандар

2005 жылғы 1 қаңтарда 10 банктің кастодиандық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы болды. Көрсетілген күнге аталған 10 банктің тек 8-і ЖЗҚ кастодиандық қызметті жүзеге асырды: Ұлттық Банк, "Казкоммерцбанк" АҚ, "HSBC Банк Қазақстан" АҚ Еншілес Банкі, "Банк ЦентрКредит" ААҚ, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" ААҚ, "Темірбанк" АҚ, "Еуразия банкі" АҚ, "АСҚБанкі" АҚ.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар (ЗАИБЖАҰ)

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды 10 ұйым жүзеге асырды, олардың ішінде 3 жинақтаушы зейнетақы қорында зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензиясы болды (МЖЗҚ" ЖАҚ, "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ және "Қазақстан" ХЖЗҚ АҚ). 2004 жыл бойы "Ақ ниет" ЗАБК" ЖАҚ-нан лицензия қайтарылып алынды.

(млн. теңге)

ЗАИБЖАҰ бойынша қаржы көрсеткіштері	01.01.04 ж.	01.01.05 ж.	2004 жылдың ішіндегі өзгеруі
Жиынтық активтер	2 497	2 620	4,93
Міндеттемелер	19	49	157,89
Меншікті капитал, оның ішінде:	2 478	2 571	3,75
жарғылық капитал	1 780	1 630	- 8,43
резервтік капитал	263	275	4,56

Трансфер-агенттер

2004 жыл бойы трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар берілген жоқ әрі көрсетілген лицензияларды алуға өтініштер қабылданған жоқ.

Эмитенттер және қаржы құралдары

Акциялардың шығарылымы

Акциялар шығарылымдары мен шығарылымдардың күшін жою туралы деректер

	2003 жылда	2004 жылда
Шығарылымдар тіркелді	142	327
Шығарылымдар мен орналастыру қорытындылары туралы есептер бекітілді	354	284
Шығарылымдардың күші жойылды	314	694

Есепті кезеңде Агенттік акциялардың 327 шығарылымын тіркеді, шығарылымдар мен орналастыру қорытындылары туралы 284 есеп бекітілді, сонымен қатар 694 шығарылымның күші жойылды

Қолданыстағы шығарылымы бар акционерлік қоғамдардың саны туралы деректер

	2004 жылғы 1 қаңтарға	2005 жылғы 1 қаңтарға
Акция шығарылымдарының саны	3 502	3 154
Акционерлік қоғамдардың саны	2 940	3 071

Осылайша, акциялардың қолданыстағы шығарылымдарының жалпы саны 2005 жылғы 1 қаңтарға - 3 154 құрады, бұл ретте қолданыстағы шығарылымдары бар акционерлік қоғамдардың саны көрсетілген күнге 3071 болды.

2005 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ашық халықтық акционерлік қоғамның мәртебесі 14 қазақстандық акционерлік қоғамға берілді.

Мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымы

2004 жыл бойы Агенттік жалпы көлемі 226 610 млн. теңге болатын мемлекеттік емес облигациялардың 46 шығарылымын тіркеді.

Мемлекеттік емес облигациялардың тіркелген шығарылымдары туралы деректер

	2003 жылда	2004 жылда
Шығарылым саны	34	46
Шығарылым көлемі, млн. теңге	94 465	226 610

Есепті кезеңде жиынтық номиналды құны 18 820,7 млн. теңге облигациялардың шығарылымдарын орналастыру қорытындылары туралы 49 есеп бекітілді.

2004 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша барлығы жиынтық номиналды құны 404 752 млн. теңге облигациялардың қолданыстағы шығарылымдарының саны 109 болды.

Мемлекеттік емес облигациялардың қолданыстағы шығарылымы туралы деректер

	2004 жылғы 1 қаңтарға	2005 жылғы 1 қаңтарға
Шығарылым саны	75	109
Шығарылым көлемі, млн. теңге	182 493	404 752

Қазақстан Республикасының¹ аумағында айналыста болып табылатын мемлекеттік бағалы қағаздар

(млн. теңге)

	2003 жылғы 1 қаңтарға	2004 жылғы 1 қаңтарға	2005 жылғы 1 қаңтарға
Айналыстағы барлығы, оның ішінде:	181 132	372 091	635 345
Ұлттық Банктің ноттары	64 317	198 555	396 121
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	108 462	162 702	230 471
жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	8 353	10 834	8 753

Бағалы қағаздардың² биржалық рыногының негізгі көрсеткіштері

Бұрынғыдай, Қазақстандағы қор рыногы жағдайының негізгі индикаторы KASE - бір қор биржасы 2005 жылғы 1 қаңтарда ұсынған ұйымдастырылған рынок болып табылады.

Есепті кезеңде бағалы қағаздары "А" ресми тізімдері бойынша KASE сауда-саттыққа жіберілген қазақстандық эмитенттер санының өсуі жалғасуда.

2005 жылғы 1 қаңтарға "А" санатты бағалы қағаз сауда-саттығын ұйымдастырушылардың тізімі 57,58%-ке екінші деңгейдегі банктер бағалы қағаздарының шығарылымынан тұрды.

KASE-ге айналысқа жіберілген бағалы қағаздар шығарылымының негізгі үлес салмағы "В" санаты бойынша (23,86%) болғанда, "А" санаты (75,00%) бойынша бағалы қағаздардың шығарылымына келді. Сөйтіп, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша "А" санаты бойынша KASE ресми тізіміне кірген корпоративтік облигациялар шығарылымының саны "В" санаты бойынша 8 және 34 шығарылым болған уақытта, 88 және тиісінше 44 болды

KASE-гі сауда-саттыққа жіберілген бағалы қағаздар

	01.01.04 ж.		01.01.05 ж.	
	шығарылымда р саны	эмитенттер саны	шығарылымда р саны	эмитенттер саны
"А" листингі	89	40	132	49
"В" листинг	39	29	42	32
Жиынтығы:	128	69	174	81

¹ Ақпарат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша берілді

² Ақпарат KASE деректері бойынша берілді

2004 жылда бағалы қағаздармен болатын мәмілелер көлемінің өсуі 2003 жылмен салыстырғанда 113,76% құрады. 2004 жылдың 12 айы ішінде "А" санаты бойынша ресми тізімге енген бағалы қағаздармен болатын мәмілелер көлемінің 116,62%-ке, "В" санаты бойынша - 83,62%-ке елеулі түрде өсуі болды, бұл ретте "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында мәмілелер көлемінің 77,38%-ке азаюы байқалды.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздармен болатын KASE-гі мәмілелердің көлемі

(млн. теңге)

	2002 жылда	2003 жылда	2004 жылда
"А" ресми тізімі бойынша, оның ішінде	81 246	179 454	388 738
<i>бастапқы орналастырулар:</i>	<i>5 042</i>	<i>13 088</i>	<i>20 988</i>
– акциялар бойынша	2 475	320	3 299
– облигациялар бойынша	2 567	12 768	17 689
<i>қайталама айналыс:</i>	<i>52 420</i>	<i>108 230</i>	<i>213 107</i>
– акциялар бойынша	14 909	34 635	119 694
– облигациялар бойынша	37 511	73 595	93 413
<i>"репо" мәмілелері:</i>	<i>23 784</i>	<i>58 136</i>	<i>154 643</i>
– акциялар бойынша	-	17 865	84 025
– облигациялар бойынша	-	40 271	70 618
"В" ресми тізімі бойынша, оның ішінде:	4 716	8 700	15 975
<i>бастапқы орналастырулар:</i>	<i>0</i>	<i>40</i>	<i>150</i>
– акциялар бойынша	0	0	
– облигациялар бойынша	0	40	150
<i>қайталама айналыс:</i>	<i>3 950</i>	<i>4 954</i>	<i>12 150</i>
– акциялар бойынша	-	3 118	7 658
– облигациялар бойынша	-	1 836	4 492
<i>"Репо" мәмілелері:</i>	<i>766</i>	<i>3 706</i>	<i>3 675</i>
– акциялар бойынша	456	2 003	2 933
– облигациялар бойынша	310	1 703	742
"Листингтік емес бағалы қағаздар" секторы бойынша	1 037	1 313	297
Жиынтығы	86 999	189 467	405 010

KASE-де жасалған мәмілелердің негізгі үлес салмағы (95,98%) бұрынғыша "А" санатының ресми тізімі бойынша KASE-дегі сауда-саттыққа жіберілген мемлекеттік емес

бағалы қағаздарға келеді. Осы дерек ЖЗҚ-ның, банктердің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының бағалы қағаздар рыногы негізгі инвесторларының активтері "А" санаты бойынша KASE ресми тізіміне енген эмитенттердің бағалы қағаздарына орналастыруға жататындығының нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік қағаздармен жасалған KASE-ге мәмілелердің көлемі
(млн. теңге)

	2002 жылда	2003 жылда	2004 жылда
Мәмілелердің көлемі	3 084 495	3 456 062	6 278 155
оның ішінде:			
бастапқы орналастыру	3 299	0	0
"репо" мәмілелері	2 784 120	2 877 082	5 525 052

Бір жылда ұйымдастырылған рыноктағы мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша биржалық мәмілелердің көлемі, 2003 жылмен салыстырғанда, 81,66%-ке өсті, бұл ретте көрсетілген көлемдегі "репо" мәмілелері 92,04%-ке көбейді және мемлекеттік бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелердің жалпы көлемінің 88% құрады.

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша "А" және "В" санаттары бойынша ресми тізімге енген мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша рынокты жалпы капиталдандыру 1 198 146 млн. теңгені құрады, сөйтіп, осы көрсеткіш 2004 жылғы 1 қаңтардағы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 68,64%-ке өсті. Бұл ретте облигациялар бойынша капиталдандыру 47,42%-ке, қор рыногын капиталдандыру - 88,96%-ке өсті.

Листинг санаты	01.01.04 ж.		01.01.05 ж.	
	акциялар	облигациялар	акциялар	облигациялар
"А" санаты	293 457	354 106	676 652	5 205
"В" санаты	54 054	8 866	9 207	71
"Листингтік емес бағалы қағаздар" секторы	0	0	0	0
Барлығы	347 511	362 972	685 859	5 276
Жиынтығы	710 483			

Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлар.

Қазақстанның бағалы қағаздар рыногындағы негізгі инвесторлар бұрынғыша зейнетақы, сақтандыру секторларының субъектілері, екінші деңгейдегі банктер, сонымен қатар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып қалады.

ЖЗҚ зейнетақы активтерін орналастыру құрылымы

Қаржы құралдары	Инвестицияланды (млн. теңге)	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	259 425	53,93
ҚР еурооблигациялары	2 524	0,52
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	79 428	16,51
Ұлттық Банктің ноттары	177 310	36,86

жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	163	0,04
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	52 795	10,98
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	6 064	1,26
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	697	0,14
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	121	0,03
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	153 254	31,86
Акциялар	33 042	6,87
облигациялар, оның ішінде:	120 212	24,99
АҚШ долларымен номиналданған	8 901	1,85
теңгемен номиналданған	111 311	23,14
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	8 634	1,80
Акциялар	7 317	1,53
Облигациялар	1 317	0,27
Жиынтығы	480 990	100

Келтірілген кестеден көрініп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі ЖЗҚ-ның жиынтық инвестициялық портфелінде елеулі орын алады және 259 425 млн. теңгені немесе 53,93%-ті құрайды. 2004 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда МБҚ-дың көлемі 62 801 млн. теңге немесе 31,94%-ке өсті. Қазақстан Республикасының эмитенттері корпоративтік бағалы қағаздарының көлемі ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің үштен бірін алды және 153 254 млн. теңге болды. Есепті кезеңде Қазақстан Республикасының эмитенттері корпоративтік бағалы қағаздары көлемінің өсуі 43 643 млн. теңге немесе 39,82% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдардың көлемі есепті кезеңде 109,06%-ке өсе отырып, 52 795 млн. теңге болды. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ және ЖЗҚ екінші деңгейдегі банктердегі зейнетақы активтерінің салымдарын тек ұлттық валютамен жүзеге асыратындығын атап өткен жөн.

2004 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 1,26% келеді. ЖЗҚ жиынтық портфеліндегі шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2004 жылы 92,08%-ке кеми отырып, 697 млн. теңге болды. Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесіне 1,80% келеді.

2005 жылғы 1 қаңтарға екінші деңгейдегі банктердің жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	Инвестицияланды (млн. теңге)	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	324 137	59,0
ҚР еурооблигациялары	37 939	6,9
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	93 650	17,0
Ұлттық Банктің ноттары	189 571	34,5

жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	2 977	0,6
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	79 058	14,4
Шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары	19 715	3,6
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	46 307	8,4
акциялар	4 236	0,8
облигациялар	42 071	7,6
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	5 864	1,1
акциялар	0	0
облигациялар	5 864	1,1
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	74 253	13,5
Жиынтығы:	549 334	100,0

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі екінші деңгейдегі банктердің жиынтық инвестициялық портфельінің негізгі бөлігін - 324 137 млн. теңгені құрды. Жиынтық портфельдің елеулі бөлігін халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары (13,5%), сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің салымдары (14,4%) алды. Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары тек 1,1%-ті құрағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесіне 8,4%, келді.

2005 жылғы 1 қаңтарға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық инвестициялық портфельі

Қаржы құралдары	Инвестицияланды (млн. теңге)	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	17 501,1	51,30
- ҚР еурооблигациялары	473,1	1,40
- Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	11 543,7	33,80
- Ұлттық Банктің ноттары	5 416,3	15,90
- жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	68,0	0,20
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	7 078,7	20,70
Шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары	0,0	
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	9 580,9	28,00
- акциялар	2 075,6	6,00
- облигациялар	7 505,3	22,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	0,0	0,00
- акциялар	0,0	0,00
- облигациялар	0,0	0,00
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0,0	0,00
Жиынтығы:	34 160,7	100,00

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының жиынтық портфельі есепті жылда 22 391,7 млн. теңгеге немесе 190,6%-ке өсе отырып, 34 160,7 млн. теңге болды. Мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі 17 501,1 немесе 51,3% болды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесіне 28,0% және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 7 078,7 млн. теңге немесе 20,7% келеді.

**2005 жылғы 1 қаңтарға бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының
жиынтық инвестициялық портфелі**

Қаржы құралдары	Инвестицияланды (млн. теңге)	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде:	3 512	35,56
- ҚР еурооблигациялары	0	0
- Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 365	13,82
- Ұлттық Банктің ноттары	2 138	21,65
- жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	9	0,09
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	536	5,43
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	0	0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	0	0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	5 828	59,01
- акциялар	2 890	29,26
- облигациялар	2 938	29,75
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде:	0	0
- акциялар	0	0
- облигациялар	0	0
Жиынтығы:	9 876	100

Есепті күнге бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының инвестицияланған активтерінің жиынтық көлемі 9 876 млн. теңгені құрады, оның ішінде ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарына - 3 512 млн. теңге. Қаржы рыногы барлық қатысушыларының, бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушылары негізінен ҚР эмитенттері мемлекеттік емес бағалы қағаздар рыногына бағытталды, сөйтіп осы қаржы құралдарының көлемі жиынтық инвестициялық портфельдің 59,1% құрады.